

FTAMP 14.01.29

М. Жолшаева¹, А. Жолдаякова²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

СӨЗЖАСАМ КУРСЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Мақалада сөзжасам курсы негізінде алған білімді бағалауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде әлемдік тәжірибеде білім сапасын бағалау үшін қолданылатын Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker бағдарламаларын пайдалану және оның артықшылары мен тиімділігі туралы қарастырылған. Бұл бағдарламалардың сабақта, аралық, қорытынды бақылауда қолданылуы қамтылған. Білім нәтижесін бағалау, оны тексеру біраз уақытты алатыны белгілі. Сондықтан уақытты үнемдеудің бір түрі ретінде қолданылатын бағдарламаның ерекшеліктері айтылады. Білім нәтижесін бағалауда әртүрлі әдіс-тәсілдермен қатар компьютерлік қосымшалар арқылы тапсырмаларды түрлендіріп қолдану, сол арқылы білім көрсеткішін арттыру, студент бойында көру арқылы есте сақтау қабілетін жақсартуға болатындығы, сондай-ақ әлемдік тәжірибеде қолданылатын компьютерлік бағдарламаларды онлайн тестілеу жүйесінде қолдану жайы талданады. Сөзжасамнан алған білімді бағалауда бағдарламаның әрқайсысына жеке құрастырылған тест үлгілері берілген.

Түйін сөздер: сөзжасам, ақпараттық технология, компьютерлік бағдарлама, бағалау, қызығушылықты ояту, онлайн тестілеу, Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker бағдарламалары.

Аннотация. В статье рассматривается использование информационно-коммуникационных технологий в оценке знаний, полученных на основе курса словообразования, в том числе программ Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker, используемых для оценки качества образования в мировой практике, и их преимущества и эффективность. Эти программы включают использование на занятиях, промежуточном, итоговом контроле. Известно, что оценка результата образования, его проверка займет некоторое время. Поэтому в качестве одной из форм экономии времени рассматриваются особенности программы, используемой в качестве одной из форм экономии времени. Анализируется использование разнообразных методов и методов оценки результатов образования, в том числе с использованием компьютерных приложений, с помощью которых можно повысить показатели знаний,

улучшить память у студентов через зрение, а также использовать компьютерные программы, применяемые в мировой практике, в системе онлайн тестирования. При оценке знаний, полученных из словообразования, каждому из программ представлены образцы тестов, составленные в отдельности.

Ключевые слова: словообразование, информационные технологии, компьютерная программа, оценка, пробуждение интереса, онлайн тестирование, Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker.

Abstract. The article discusses the use of information and communication technologies in assessing the knowledge obtained from the course of word formation, including Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker programs used to assess the quality of education in the practice, and their advantages and effectiveness. These programs include use in classes for many exams, and final control. It is known that the evaluation of the result of education, its verification will take some time. Therefore, the features of the program used as a form of time saving are considered as one of the forms of time saving. The article analyzes the use of various methods and methods for evaluating educational results, including the use of computer applications that can improve knowledge indicators, improve students' memory through vision, and use computer programs used in world practice in the online testing system. When evaluating the knowledge obtained from word formation, each of the programs is presented with test samples compiled separately.

Keywords: word formation, information technology, computer program, evaluation, arousing interest, online testing, Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker.

XXI ғасыр – жаңашылдықтың заманы. Әсіресе, білім беру саласында бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын, инновациялық педагогикалық технологияларды игеру маңызды. Оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуында ақпараттық технологияның қарқынды дамуының рөлі ерекше. Қазіргі заман ақпараттық технологиялар уақыты. Осыған байланысты білім беру саласында басымдық ақпараттық технологияларды пайдалануға беріледі. Бұл туралы өзінің баяндама сөзінде Н.Ә.Назарбаев та айтып өткен: «Адамзат үшін XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».

Айта кетелік, жаңаша технологияның түрлері көп. Соның ішінде сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты арттыруда компьютерлік-ақпараттық технологиямен атқарылатын жұмыс жүйелері

өте тиімді болып саналады. Себебі компьютерлік бағдарламалар арқылы жұмыс жүргізілгенде, біріншіден, білім алушының қызығушылығы артады, екіншіден, студент пен оқытушының уақыты үнемделеді, үшіншіден, білім сапасы қағаз түріндегі жұмысқа қарағанда артады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылығы ретінде Мошқалов Алтынбек ғылыми зерттеу жұмысында төмендегідей артықшылықтарды көрсетеді:

- Оқу түрткісінің кемшіліктері себеп болатын пәндік қиындықтар ығыса түседі;
- Компьютер қолданылатын сабақтарға студенттер көбірек қызығып, олармен жұмыс жүргізу барысында өздерін ыңғайлы сезінеді;
- Студенттердің арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;
- Топтың ауызбірлігі артады;
- Өзін және өзгелерді сыйлаумен қатар сыншыл көзқарас қалыптасады;
- Компьютердің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алатындай қабілеті артады;
- Ғаламторда жұмыс істеу барысында студент бойында ең басты әлеуметтік дағдылар – әдептілік, жауапкершілік, өзге адамдардың ұстанымын ескере отырып, өзінің мінез-құлқына ие болу қалыптасады [1, 51 б.].

Адам ойының, ойлауының биік өресін ғылым мен техника дамуының деңгейі арқылы көруге болады. Себебі техниканың әртүрлі озық түрлерін пайдалана отырып адам өз мүмкіндіктерін жан-жақты аша алады, оны қолдана отырып дамытады. Әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, сыни ойлау қабілеті де артады.

Қазақ тілінен компьютер арқылы тілдік білім алу үшін ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін оқыту үдерісінде қолдануда да арттыруға болады. Мысалы, көру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында жаттығулар мен тапсырмалардың санын көбейтіп, түрлерін түрлендіруде, әдіс-тәсіл түрлерін компьютерлік қосымшалар көмегімен студент қызығатындай етіп пайдалануда, тіпті, бағалау мен тексеруді әр түрлі формада өткізуде цифрлық технологияны пайдалана білу – өте маңызды.

Білім сапасын көтерудің үлкен көрсеткіші – бағалау. Бағалаудың барлығымызға бергілі екі түрін көрсетуге болады: білім алушыны бағалау және білім алушының өзін-өзі бағалауы [2, 9]. Бағалаудың аталған бұл түрлерін заманауи бағдарламалар арқылы ұйымдастыруға болады және оның өзіндік артықшықтары бар.

Жалпы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басым бөлігін компьютерлік оқыту бағдарламалары құрайды. Мысалы, әлемдік тәжірибеде оқыту мен білімді бағалауда қолданылатын бағдарламалар:


Plickers, Grade cam, Quizlet, Kahoot, ProProfs Quiz Maker т.б. Біз мақалада Plickers, Grade cam, ProProfs Quiz Maker қосымшаларын сөзжасам сабағында қолдану мәселесіне тоқталамыз. Бұл бағдарламалардың артықшылықтары көп. Артықшылығы – бағалауды ұйымдастырудағы онлайн тестілеу жүйесі. Жалпы онлайн оқыту білім саласын жоғары деңгейге көтерді. LMS бағдарламалық жасақтамасы пайда болғаннан бері онлайн оқыту, одан кейін онлайн бағалау дәуірі басталды десек те болады. Training Maker және Exam builder сияқты LMS бағдарламалық жасақтамасы білім беру саласында өз орнын жаулап алғандығының арқасында әлдеқайда ыңғайлы болды.

Research және Markets өзінің «Глобальный анализ и тенденции рынка электронного обучения - прогноз отрасли до 2027 года» атты есебінде 2017 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңде электронды білім берудің тұрақты түрде өсетінін атап өтеді. Одан кейінгі есептеу бойынша 2025 жылға қарай электронды білім беру нарығы 325 млрд долларға дейін өсетіндігі туралы айтылған [3]. Бұл келтірілген мәліметтерден қазіргі заманда білім беру мен ақпараттық технологиялардың қаншалықты бір-бірімен тығыз байланысты екенін аңғаруға болады, яғни жоғары оқу орындарында сөзжасам курсы бойынша студенттердің білімін бағалауда онлайн бағаның да өте қажетті әрі тиімді болатынын байқаймыз.

Жоғарыда келтірілген сандардан білім беру мен өзге де салалардың онлайн оқыту мен бағалаудың моделіне тікелей қатысының маңыздылығын атап айтуға болады.


Сөзжасамнан алған білімді тексеру мақсатында ағымдық немесе аралық бақылауда, қорытынды емтиханда Plickers компьютерлік бағдарламасының тиімділігін айтуға болады.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.



Кесте 1. Plickers қосымшасы

Бұл бағдарламаның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны студенттердің карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Студенттерге сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді. Төменде QR-кодтары бар карточкалардың үлгілері келтірілген:



Кесте 2. Дұрыс жауап нұсқасын көрсететін QR-кодтары
Сөзжасамнан мынадай үлгідегі сұрақтар берілуі мүмкін:

1. Құранды жұрнақтарды көрсет:

- A) -ған, -ген, -қан, -кен;
- B) -ар, -ер, -р;
- C) -ғай;
- D) -лат, -лас.

2. -ла, -ле қандай жұрнақ?

- A) негіз сөздегі сындық белгіні қимылға айналдыратын жұрнақ;
- B) қимылға субъектілік, объектілік мән қосатын жұрнақтар;
- C) негіз сөздегі заттық белгіні сындық белгіге айналдыратын жұрнақ;
- D) тек түбір етістіктерге жалғанатын жұрнақ [4, 140].

3. Сан есімнің сөзжасам жүйесінде қанша тәсіл қызмет атқарады?

A) төрт тәсіл;

B) бес тәсіл;

C) екі тәсіл;

D) бір тәсіл [5, 149].

Жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша сұрақтар беріледі. Студенттер дұрыс жауаптарын таңдап карточкалар арқылы көрсетеді. Карточканың төрт қабырғасы жауаптың А, В, С, D деген төрт нұсқасын білдіреді, оларды оқытушы телефонына бағыттап көрсету арқылы студент сұраққа жауап береді. Бағдарлама жауаптарды сканерлеп, нәтижесін лезде көрсетеді. Алдын-ала бағдарламаға аудитория, студенттер тізімі енгізіледі, осы арқылы әр студенттің сұраққа қалай жауап бергенін білуге болады, яғни интербелсенді тақтада тізімі бар диаграмма көрсетіледі. Бұл бағдарламаның тиімділігі сол – біріншіден, әрбір студент өзінің білім деңгейін диаграммада көрсетілген дұрыс жауаптары арқылы лезде көре алады, екіншіден оқытушы студенттердің тест жауаптарын жеке-жеке тексеріп отыратын уақытын үнемдейді.

Келесі білім алушының білімін бағалауға арналған компьютерлік бағдарламаның бірі – Gradecam. Бұл бағдарламаны «ұстаздың көмекшісі» десе де болады. Әсіресе, сөзжасамнан қорытынды бақылау емтиханында оқытушының уақытын үнемдеуге көмектесетін бағдарлама. Бұл қосымшамен жұмыс істеу үшін ең алдымен <https://insight.gradecam.com> сайтына ақылы түрде тіркелу қажет. Сыныпты немесе аудиторияны енгізіп, студенттің жеке нөмірін тіркеу керек. Содан кейін қажетті сұрақтар енгізіледі. Емтиханда саны өте көп студенттің жауаптарын тексеру өте көп уақытты талап етеді. Grade cam қосымшасының қызметі арқылы, яғни сканерлеу функциясының көмегімен дұрыс жауаптарды лезде анықтауға мүмкіндік туады. Мысалы, студенттерге жыл бойы өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар беріледі. Олар таратылып берілген бағалау парақшасындағы дөңгелектерді бояу арқылы жауап береді. Жауап парақтарын телефонның немесе компьютердің экранына бағыттайды. Ондағы тексеру қызметі сұрақтың дұрыс нұсқаларын лезде анықтап береді. Негізінен бұл қосымша жылдан-жылға үнемі дамып отырады. Соңғы жаңалығы – білім алушылардың өздері жеке жұмыстарын компьютер арқылы тексеруі, яғни әр студент өзін-өзі бағалайды, уақытты үнемдейді.

Кестеде Gradecam бағдарламасының бағалау парақшаларының үлгілері келтірілген.

әртүрлі тапсырмалар дайындауға болады. Бұл бағдарламаның басқа тест дайындауға арналған қосымшаларға қарағанда мүмкіндіктері өте көп және әр студенттің деңгейіне қарай бағалауды ұйымдастыруға болады. *Maker Online емтиханын қолданудың артықшылықтарын қарастыратын болсақ:*

1) Емтихан сұрақтарын құру кезінде оқытушының шығыны үнемделеді, себебі, мұнда қағаз түрінде жүргізілетін емтихандармен салыстырғанда сұрақтар жазылған қағаздар және жауап парақшалары болмайды. Оның үстіне емтиханға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды қажет етпейді.

2) Веб-сайтқа кіріп, тіркеліп жоспар таңдауға немесе 15 күндік тегін сынақ нұсқасына жазылуға да болады.

а) Жасалу жолы қарапайым әрі оңай. Онлайн емтихан бағдарламалық жасақтамасы емтихандарды құруды жеңілдетеді. Себебі емтихандарды шаблондар мен сұрақ банкінің көмегімен бірнеше минут ішінде жасауға болады. ProProfs-те 100-ден астам тест үлгілері бар, оларды онлайн емтиханды құру үшін пайдалануға болады. Сол шаблондардың біреуін таңдауға мүмкіндік бар немесе емтиханды басынан бастап ойдағыдай жасауға болады. Негізінен, сұрақтар дайындау емтиханды құрудың ең қиын бөлігі десек те болады, бірақ ProProfs сияқты бағдарламалық жасақтама оны жеңілдетеді. Ол әртүрлі тақырыптар бойынша 1 000 000-нан астам дайын сұрақтардан тұратын кітапхананы ұсынады. Бағдарламада жай ғана кітапханаға барып, пайда болған мыңдаған сұрақтар тізімінен қажеттісін таңдауға болады. Ең маңыздысы, тест жасаудың қалаған үлгісін таңдап алуға болады. Мысалы, бір жауапты тест, бірнеше жауапты тест, шын/жалған тесті, ашық сұрақ, жабық сұрақ, сәйкестендіру тесті, бос орынды толтыру, шығармашылыққа арналған тест, т.б. Осы келтірілген тест үлгілеріне жасалған сұрақтар төмендегідей:

proprofs.com/quiz-school/manage/?id=2645855#0

ProProfs
Quiz Maker

Create > Settings > Send > Reports > Preview Done

Search 100000+ questions

Questions

- Multiple Choice
- Checkbox
- True/False
- Fill in the blank
- Essay
- Matching
- Hotspot
- Dropdown

More

Popular Settings

Popular Themes


Сөзжасамдық тәсілдер

1. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалған сөздерге мысалдар келтір


2. Сөзжасам туынды сөздерді зерттейді

- Правда
- Жалған

Сурет 1. Сөзжасамға қатысты ашық тест пен шындық/жалған мәсті



Сурет 2. Бірнеше жауапты және сәйкестендіру мәсті



Сәйкестендір

Choice	Match
аналитикалық тәсіл	ардагер, көрермен
синтетикалық тәсіл	бүлдірген, ағарған
лексика-семантикалық тәсіл	Темірқазық, тақ-түк

Add New

Сурет 3. Сәйкестендіру және бос орынды толтыру

Осы үлгідегі жеңіл әрі күрделі сұрақтарды бағдарламада қолданылатын әр түрлі тест арқылы түрлендіріп беруге болады. Сұрақтардың жауаптарын әр түріне сәйкес белгілеу арқылы студент ұпай жинайды. Білімі жинаған ұпайлары арқылы бағаланады.

3. Уақыт пен күш-жігер үнемделеді. Онлайн емтихан бағдарламасының ең үлкен артықшылығы – бұл уақыт пен күш-жігерді үнемдейді. Автоматты бағалау, жедел кері байланыс сияқты мүмкіндіктер уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді:

А) Автоматты бағалау. Қағаздағы тест сұрақтарын қолмен бағалауға кететін уақытты азайту үшін сұрақтарды енгізе отырып дұрыс жауаптарды әр түрлі формада, бағалауды алдын-ала дайындап қоюға болады.

Ә) Жедел кері байланыс. Студенттерге сұраққа жауап бергеннен кейін бірден кері байланыс орнатуға мүмкіндік бар. Дұрыс жауапқа арналған түсініктеме немесе ескерту түрінде жедел кері байланыс орнатуға болады.

4. Қашықтан қол жеткізу. Құрылған онлайн емтихандар кез келген уақытта, жерде және кез келген құрылғыда, мысалы, ноутбуктерде, ұялы телефондарда немесе планшеттерде қол жетімді болады. Үй жұмысын электронды пошта арқылы жіберіп отыруға болады.

Қорытындылай келе, білім алушылардың әрқайсысының сапалы білім алуына жағдай жасауда АКТ қолданудың маңызы зор. Мәселен, сөзжасамнан алған білімді бағалауда әртүрлі әдіс-тәсілдермен қатар ақпараттық технологияларды да күнделікті сабаққа кіріктіре отырып, сабақты мазмұны мен құрылымы жағынан түрлендіруге болады. Бұл студенттердің көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға, берілген уақыт ішінде тест сұрақтарына лезде жауап беруге дағдылануы арқылы өмірде де тез шешім қабылдай алатын тұлға болып қалыптасуында үлкен кешен болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін-өзі шығармашылықпен дамытуы: филос. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2013. – 145 б.
- 2 Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы / Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы, 2019. – 296 б.
- 3 Smarter Employees & Happier Customers. URL: www.proprofs.com
- 4 Қасым Б. Қазақ тілінің сөзжасамы: жаттығулар және тапсырмалар. – Қарағанды: Medet Group, 2016. – 228 б.
- 5 Мұхаммади Қ.Т. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Print Word, 2017. – 160 б.
- 6 Formative assessment has never been faster. URL: www.plickers.com.
- 7 GradeCam fits perfectly into each unique classroom, school and district. URL: www.gradecam.com.